

**“Балалардың
табиғат
бұрышындағы
еңбегі” жобасы**

**ШҚО Ұлан ауданы “Айгөлек”
балабақшасы КМҚК
2013-2014 оқу жылы “Болашақ”
МДТ.
тәрбиеші: Ағзам Асима Ағзамқызы**

Мақсаттары:

- 1.** Мектепалды даярлық тобы балаларының экологиялық қызығушылықтарын ояту, қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту.
- 2.** Үздіксіз білім беру процесіндегі баланың экологиялық танымын, белсенділігін, қызығушылығы мен табиғатқа деген қарым-қатынасын қалыптастыру
- 3.** Балалардың бойында айналаны танып-білу сезімдерін тәрбиелеу. Еңбек, ынтымақтастық және өзара достық тәрбиесі.

Қатысушылары:

«Болашақ» мектепалды даярлық тобы

Жоба мерзімі:

желтоқсан 2013ж. – мамыр 2014ж.

Өзектілігі және жетекші идеясы:

Баланың табиғат пен қоғам туралы дүниетанымының дұрыс қалыптасуына ықпал ету.

Күтілетін нәтиже:

1. Экологиялық тәрбиенің тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдеу
2. Үздіксіз білім беру процесінде балалардың экологиялық тәрбиелілігі моделін жасау

Зерттеу көздері:

- 1.ҚР Конституциясы,
- 2.«Білім туралы» Заңы,
- 3.«Қазақстан Республикасының 2004–2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы»;
- 4.«Айнала қоршаған ортаны қорғау туралы» Заң,
- 5.«Бүлдіршіндерге экологиялық тәрбие беру» (авторы А. Е.Манкеш),
- 6.«Экологиялық білім бағдарламасы » (1999),
- 7.«Экологиялық кодекс».

**Жоба бойынша қолданылатын экологиялық ұғымдарға
мазмұндық сипаттама:**

1. Экологиялық таным — ақылы, сезімі ретінде баланың ең басты қасиеттерінің бірі — өзін қоршаған ортаны танып-білуге деген ерекше ұмтылысы. Бала айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғатты танып білу барысында олардың ішкі құпиясына үңіледі, табиғаттың даму заңдылықтарын білуге әрекет жасайды, өзінің құрдастарымен қарым-қатынасын белгілейді. Демек, экологиялық таным баланың қоршаған орта жөніндегі жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы болып есептеледі.

2. Экологиялық қарым-қатынас – баланың табиғатты танып білуге, оны қамқорлығына алуға, өзгертуге және сақтауға бағытталған танымдық, қызметтің маңызды бөлігі. Экологиялық қарым-қатынас «адам мен табиғат», «табиғат–қоғам» жүйесінің тиімді жағдайын қолдау мақсатында адамдардың өз арасында пайда болады.

3. Экологиялық іс-әрекет – адамның табиғи ортаны танып білуімен, меңгеруімен, өзгертуімен және сақтауымен сипатталады. Мәселен, техника саласындағы-өндірісті экологияландыру, ғылымдағы-экологиялық проблеманың төңірегіне интеллектуалдық күштерді жинақтау, құқық саласындағы — табиғатты қорғау жөніндегі заңдарды дайындау сияқты педагогикада — экологиялық ойлау стилі мен табиғаттағы пайдалы іс-әрекет дағдыларын меңгерту.

4. Экологиялық сезім – табиғаттағы әсемдікті қабылдап, бағалау кезіндегі рухани ләззат алушылықтың ең жоғары көрінісі. Табиғаттың сұлулығына сүйсіне білу, адамды көріксіз нәрседен жирендіріп, жақсылыққа ұмтылуға бастайды.

5. Экологиялық қызығушылық – адамның қоршаған ортаға, табиғатқа деген ерекше көңілі. Қызығушылық табиғаттағы белгісіз жағдайларға қызығу, оның заңдылықтарын, құпия сырларын, табиғат құбылыстарының бір-бірімен қатынасы мен өзара байланысының себебін біліп, оны әрі қарай зерттеуге ұмтылудан тұрады.

Жыл мезгілдері



ЖАЗ

КҮЗ

ҚЫС

КӨКТЕМ







Қыздар өсірген
аскөк /укроп/
23.12.13ж.

Ұлдар өсірген
петрушка 23.12.13
ж



**Аскектен
дәм
татыңыз...**





Балалардың экологиялық тәрбиелілігі деңгейін арнайы модель арқылы зерттеу.

Үздіксіз білім беру процесінде (отбасы → балабақша → бастауыш мектеп) сабақтастықта жүзеге асырылған бағдарламалар бойынша білім алып, іскерлігін шыңдаған мектепке дейінгі жас балаларының экологиялық тәрбиелілігі деңгейі арнайы жасалған модель арқылы зерттеліп отырады.

Жоғары деңгей: табиғатты қорғау жұмыстарының мазмұнын түсінеді, ойын еркін жеткізе біледі, халық фольклоры жанрларын табиғаттың әсем көрінісін эмоционалды сезіммен, қызығушылықпен қабылдайды. Қоршаған орта мен табиғатты қорғауға байланысты меңгерген білімін іс-әрекетте белсенді пайдаланады, қоршаған орта, табиғат мәселелерін талдауда өзінің көзқарасын сенімді дәлелдей алады.

Орта деңгей: табиғатты қорғау жұмыстарының мазмұнын біледі, түсіндіре алады, халық фольклоры жанрларына, табиғат көріністеріне қызығады, табиғатты қорғауға байланысты меңгерген білімін іс-әрекет түрлерінде пайдалануда қоршаған орта, табиғат мәселелеріне ересектің көмегімен талдау береді, өзінің пікірін ашық көрсете алмайды.

Төменгі деңгей: табиғатты қорғау жұмыстарының мазмұнынан түсінігі нашар, халық фольклоры жанрларына, табиғат көріністеріне қызықпайды, табиғатты қорғауға байланысты жүргізілетін

Балалардың экологиялық тәрбиелілігін анықтау.

«Экологиялық әліппедегі» сұрақтарға берілген жауаптар арқылы бағаланады.

Мысалы:

1. Жаттығуларды орындау,
2. Сөйлемдерді аяқтау,
3. Жетпейтін суретті толтыру,
4. Суретті ретімен орналастыру,
5. Жекелеген экологиялық тапсырмаларды орындау , т.б.
6. «Қыстап қалатын құстарға қандай көмек көрсетуге болады?»,
- 7.«Ағаш дәрігері» деп аталатын қандай құсты білесің? Не себепті олай аталады?,
- 8.«Суды үнемдеудің қандай жолдарын білесің?» т.б.


ЖОБА БОЙЫНША ДИАГНОСТИКА ПРОТОКОЛЫ:

рс	Баланың тегі, аты	Сұрақтардың номерлері								Жалпы ұпайы	Деңгейі
1	Алтайхан Е.	2	2	2	2	2	2	2	1	15	орт
2	Арынгазинов М.	3	2	3	2	2	3	3	2	20	жоғ
3	Әділ Ж.	2	2	2	2	2	2	2	1	15	орт
4	Оспанова К.	3	3	3	3	3	3	3	2	23	жоғ
5	Еркинов Д.	1	1	2	2	2	2	2	1	13	орт
6	Еркинова А.	2	3	3	3	3	3	3	3	23	жоғ
7	Турарова А.	3	3	3	3	2	3	3	3	23	жоғ
8	Оразов А.	1	1	2	1	2	2	2	1	12	орт
9	Нургужат Ғ.	2	2	2	2	2	1	2	2	15	орт
10	Тулегенова Г.	2	2	2	2	2	2	2	1	15	орт
11	Шемпаева Р.	2	3	2	3	2	3	2	2	19	жоғ
12	Шинпу Е.	3	3	2	2	3	3	3	2	21	жоғ
13	Муратбек А.	2	2	3	2	3	3	2	2	19	жоғ
14	Бақыт Ү.	2	2	3	2	2	2	3	2	18	жоғ
15	Аубакиров Е.	2	2	2	2	2	2	3	2	17	жоғ
16	Сабжанов Ж.	3	3	2	2	3	3	3	3	22	жоғ

Бағалау: Әр жауапқа 1, 2 немесе 3 ұпайдан.

Ұпай мен деңгей қатынасы: «жоғары» - 10 бала 62.5% , «орташа» - 6 бала 37.5% , «төмен» - жоқ.

ЖОБАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ГИСТОГРАММАСЫ:



Отбасы мен балабақшаның балаға экологиялық тәрбие берудегі бірлігінің маңызы

Отбасынан балабақшаға алғаш келген балаларға отбасынан алған тәрбиесі жетілдіріліп, қоршаған ортаны танып-білуге, табиғатты сүйуге деген қызығушылықтары қалыптастыру

Егер отбасында балалар өлі және тірі табиғат жөніндегі қарапайым ұғымдарды меңгеріп, үй жануарлары мен өсімдіктеріне қамқорлықпен қараудың қажеттілігін түсініп, ол бағыттағы қарапайым іс-әрекет түрлерін игерсе, балабақшаға келгенде қоршаған орта жөніндегі жалпылама түсініктері нақтыланып, бекітіліп, табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасы артып, табиғат бұрышындағы пайдалы іс-әрекет түрлерін атқара білетін болды.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы: .:

Отбасы, балабақша мен бастауыш мектеп оқушыларының экологиялық тәрбиелілігін сабақтастықта қалыптастыру мақсатында ұсынылып отырған «Үздіксіз білім берудегі экологиялық тәрбие сабақтастығы тұжырымдамасын» оқу-тәрбие жұмыстарында негізге алу керек;

Мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие беру мақсатында жасалған әдістемелік кешендер мен әдістемелік оқу-құралдарын тәрбиешілер мен мұғалімдер оқу-тәрбие жұмысы барысында негізге алғаны дұрыс, балабақша мен бастауыш сыныптарда экологиялық тәрбие беруде пайдаланылған жаңа педагогикалық технологияларды экология сабағында пайдалану қажет;